

БАС ЖҮЛДЕНІ ЖЕҢІП АЛДЫ

Жуырда мерейлі мереке Республика күніне арналып Шахтинск қаласында тоғызқұмалақ ойынынан Қарағанды облысының командалық чемпионаты болып өтті.

Аталған жарысқа ауданымыздың атынан Ақадыр кентіндегі балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жас тоғызқұмалақшылары қатысып, қатарластарынан озық көрініп, жоғары ұпай санымен турнирдің бас жүлдесін жеңіп алды. Сондай-ақ, осы жеңіс команда ойыншыларына спорт шеберлігіне үміткерлер нормативін орындап шығуға жол берді.

Тоғызқұмалақ командасындағы жастарды спорт мектебінің бапкерлері, ағалы-қарындасты Кожанәсіп Асылхан мен Аңсаған жаттықтырады.



Жарыста жеңімпаз та-
нылған команда мүшелерің
жеңістерімен құттықтап,
толағай табыстар тілейміз.

Қ.БЕКҚОЖИН,
Ақадыр кенті.